

Қызылсу орта мектебінде өткізілген
«Қамқоршылық кеңес» отырысының
№ 4 ХАТТАМАСЫ

Өтілген күні: 20.05.2022ж

Қатысқандар:

Қызылсу орта мектебі

1. Биржанов Қ.С. - қамқоршылық кеңестің төрағасы
2. Темирова Ж.К. - қамқоршылық кеңестің төраға орынбасары
3. Ермагамбетов Ж. - қамқоршылық кеңестің мүшесі
4. Боранбаева Г.Х. - қамқоршылық кеңестің мүшесі
5. Коңырова С. - қамқоршылық кеңестің мүшесі
6. Алпысбаев Қ.Р. - қамқоршылық кеңестің мүшесі
7. Құпжасаров Р.Е. - қамқоршылық кеңестің мүшесі

Күн тәртібінде:

1. Оқу жылының қорытындысы
2. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру
3. Мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары


Тыңдалды:




Бірінші мәселе бойынша- Мектеп директоры Сагидуллин А.С «Қамқоршылық кеңесінің» мүшелеріне жылдық есебіне талдау жасап, толықтырулар мен өзгертулер енгізілгені туралы хабардар етті. 2023-2024 оқу жылы сәтті аяқталып, айтарлықтай жетістіктерге жеттік. Биылғы оқу жылында ғылыми жоба, олимпиада, байқауларға қатысып, оқушыларымыз керемет нәтиже көрсетті. Оқушыларымыз спорттық сайыстардан да қалыс қалмады. Мектептегі әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға үнемі қолдау көрсетіліп, ыстық тамақпен де қамтылды. Мектепте қолайсыз, жетім, есепте тұрған оқушылар жоқ екендігін айтып өтті. Сонымен қатар биылғы жылы мектебімізге күрделі жөндеу жүріп жатыр ол да бір үлкен қуаныш, бұйырса тамыз айына дейін аяқталуы керек.

Екінші және үшінші мәселе бойынша- мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары З.М. Биржанова сөз алды. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру үшін оқушылардың сақтық шараларымен қамтамасыз ету мақсатында ата-аналарға және 1-10 класс оқушыларына түсінік жұмыстары жүргізілді. Биылғы жылы мектепте күрделі жөндеу өтуіне байланысты, мектепте жазғы сауықтыру лагерь болмайды. Қала сыртындағы лагерьге де мектебімізден 3 баланың тізімі жасақталып, аудандық білім бөліміне жіберілді. Ал, мектептің абаттандыру жұмысына келетін болсам, мектеп түлектері 11 сынып оқушылары периментальные тополя отырғызды, мектеп ауласының маңына мектеп ұжымы, техқызметкерлер тазалық жұмыстарын жүргізді. Талдардың түптері қопсытылып, жаңадан бірнеше талдар егілді.

Шешімі:

1. 2023-2024 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыруда ата-аналармен бірлескен сақтық шаралары жүргізіліп, сапалы түрде оқушылардың жазғы демалысы ұйымдастырылсын.
3. Мектептегі абаттандыру жұмыстары тәрбие ісі жөніндегі орынбасары З.М. Биржанова және шаруашылық менгерушісі Д. Шонанова міндеттелінсін

Төраға:  Биржанов Қ.С. - қамқоршылық кеңестің төрағасы
Хатшы:  Утеуова А.Ш

- 2. Темирова Ж.К. - қамқоршылық кеңестің төраға орынбасары 
- 3. Ермағамбетов Ж. - қамқоршылық кеңестің мүшесі 
- 4. Боранбаева Г.Х. - қамқоршылық кеңестің мүшесі 
- 5. Қоңырова С. - қамқоршылық кеңестің мүшесі 
- 6. Алпысбаев Қ.Р. - қамқоршылық кеңестің мүшесі 
- 7. Купжасаров Р.Е. - қамқоршылық кеңестің мүшесі 